

Бекітемін: *Асан*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕНІҢ РӨЛІ !»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған әкелерге шеберлік сынып)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б

Таушық ауылы, 17.12.2025 жыл

ШЕБЕРЛІК СЫНЫП

МАҚСАТЫ:

Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, бірлескен шығармашылық іс-әрекет арқылы отбасылық құндылықтарды қалыптастыру.

 КІРІСПЕ: Армысыздар, құрметті батыр әкелер, аяулы балалар!

Әке – асқар тауындай биік тірек, құлағанға сүйенер темірқазық, дауылда жол көрсеткен шамшырақ, балаға өмір үйретер алып даңғыл, шаңырақтың ұйытқысы мен қорғаны, жүрекке батылдық құятын бұлақ- қандай әдемі теңеулер, осы теңеулерге лайықсыздар.

Әке – отбасы шамы,

Жүректегі жалын-жаны.

Әрбір бала бақытты,

Әкесі бар болса ғана.

Бүгін біздің балабақшамыз ерекше бір ертегі әлеміне айналғалы отыр. Себебі сіздер «Ертегі әлеміндегі Батыр әкелер» атты шеберлік сыныбына қадам басып тұрсыздар. Бүгін біз ертегі әлеміне саяхатқа аттанамыз!

1-БӨЛІМ: «ДАНАЛЫҚ ҚАҚПАСЫ»

Тапсырма:

Әке мен бала бірге:

1. Атаға не қылсаң- алдыға сол келеді.
2. Бала, бала деп, түн ұйықысын төрт бөлген жан? (ана)
3. Баланың бас ұстазы кім?- (ата-ана)
4. Балдан тәтті кім? (Бала)
5. Әкеден балаға берілетін не? (тәрбие, тәлім, үлгі)
6. Әке көрген оқ жонар? (Шеше көрген тон пішер)
7. Әкенің әкесі саған кім болады? (Ата)
8. Балаң үшін еңбек ет, (баласың үшін батыр бол)
9. Дегенімді жасайтын
Қалған тамағымды асайтын
Ертіп алып жетектеп
«Немерем» – деп атайтын? (әже)

2-БӨЛІМ: «АЛТЫН ҚОЛ ШЕБЕРХАНАСЫ»

Тапсырма:

- Әр түрлі материалдардан қолөнер жасау

Мақсаты: Шығармашылық, еңбек

3-БӨЛІМ: «БАТЫРЛАР СЫНАҚТАН ӨТЕДІ»

Қимылды тапсырма:

«Балаңыз мектепке дайындалып жатыр, үйде анамыз жоқ. Балаңыздың киімі немесе шұлығы жыртылып қалған. Балаңыз асығып тұр. Балаңыздың алдында тігінші әке тұрады.»

Тапсырма: жыртылған ілгек, шұлық, киім. Тігуіміз керек.

✓ Мақсаты: Ептілік, бірлік

5-БӨЛІМ: «БАТЫРЛАРДЫ ҰЛЫҚТАУ»

Әр отбасы жеке мемлекет. Ол мемлекеттің іргетасын қалаушы, басқарушы – отағасы, әке. Отбасыларыңызға қорғаушысы болып, жүре беріңіздер.

- Әке-бала жұмыстары көрсетіледі
- Барлық қатысушыға:

 Алғыс хат, сыйлық таратылады.

- Ортақ естелік фото

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жүргізуші:

— Біздің ертегіміз осымен аяқталды. Бірақ батыр әкелердің ертегісі әр үйде жалғасын таба береді...